

«Теректі негізгі мектебі»

**2022 – 2023 оқу жылындағы балалардың «Ашық алаң» дебат клубының**

**жылдық жұмысының талдамасы**

Теректі негізгі мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында 7-9 сынып оқушылардың арасында «Ашық алаң» дебат клубы құрылып, жетекшісі аға тәлімгер Томина Меруерт Юрьевна тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді.

**Мақсаты:** Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету.

«Ашық алаң» дебаттық клубының басшысы: Жұмаш Аяулым

Дебат клубының бас төрешісі: Төлегенова А

Дебат клубының мүшелері:

7-9-сынып оқушылары:

1. Қабдрахим Дария
2. Самифолла Ерасыл
3. Төлегенова Айжаным
4. Халелова Каусар
5. Меңдібаева Ақжамал
6. Базаров Ақтілек
7. Төлепов Сұлтан
8. Жұмаш Ақерке
9. Қабдрахим Дәулет

Дебат клубының Ережесі:

- Дебат клубының және оның мүшелерінің қызметін реттейтін басқа да ережелерді;
- Дебат клубының басқа мүшелерін құрметтеуге;
- Дебат клубының жұмысына белсенді қатысуға, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге;
- Дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысының барлық шешімдерін орындауға;
- Дебат клубы мүшелерінің кездесулеріне уақтылы қатысуға;

Жылдың басында жалпы жиналыс өткізіліп, оның ішінде дауыс беру арқылы "Жалын" клубы мүшелері клуб жетекшісі Нурмуханова Маликаны дебат жетекшісі етіп, Мұхамедшәріп Әдемайды президенттің (басты төрешісі) етіп сайлады.

Жоспар бойынша клуб мүшелерімен қазан айында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» тақырыбында пікірталас өткізілсе, қараша айында «Үш тұғырлы тіл саясатының тиімділігі» тақырыбында үш тілділікті насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жалмұқанова А:А, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сисенбаев Д, ағылшын тілі пәні мұғалімі Жайықова А.Б. ұйымдастырумен өткізіліп, оқушылар үш тілде пікірсайысқа түсті.

9-қазан күні «Елбасы- ел тірегі» мектепшілік турнирдің ережесі құрылып, «Жалын» дебат клуб мүшелеріне турнирдің мақсаты түсіндірілді.

#### **Турнирдің қарарлары:**

БП Болашақ мамандық туралы мектеп табалдырығынан бастап ойлау керек.

БП Балаларға ерте табыс табуды үйрету, олардың болашағы үшін маңызды.

Турнирдің қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар Жұмаш Ақерке, Төлегенова Айжаным аудандық дебат турниріне қатысуға ұсынылды.

25-қараша күні «Елбасы – ел тірегі» тақырыбында аудандық дебат турнирі өтті. I кезең 1- айналым бойынша ZOOM арқылы онлайн форматта өткізіліп, «Жалын» дебат клуб мүшелері турнирдің II-кезеңіне жолдама алып, 26 – қараша күні Ойыл қазақ орта мектебінде II кезең офлайн өтіп, жүлделі 2 орынға ие болып, арнайы аудандық мақтау қағазымен марапатталды.

Теректі негізгі мектебі бойынша дебат клубтары арасында "Абайдың толық философиясы" атты тақырыбы аясында аудандық турнирден 8-сынып оқушысы Жұмаш Ақерке және 9-сынып оқушысы Жайықова Торғын II-орын марапатына ие болды.



Теректі негізгі мектебінде құқықбұзушылықтың алдын алу жоспарына сәйкес "Ашық алаң" дебат клубының мүшелері арасында "Қоғам. Адам. Құқық" тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс барысында төмендегідей қарарлар талқыланды:

- БП "Бала құқығы ұстаз құқығынан жоғарырақ" деп есептейді.
  - БП "Сыбайлас жемқорлықпен күрес қарастырылып жатыр" деп есептейді
- Пікірсайыс нәтижесінде 7- сынып оқушылары "Асылым" фракциясы жеңіске жетті.



Қаңтар айының 5 күні қысқы каникул жоспарына сәйкес «Жалын» дебат клуб мүшелерімен «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында пікірталас өткізілді

Қаңтар айының 25-ші күні өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Ашық алаң» клубы мүшелері арасында мектепішілік дебат турнирі

өткізілді. Дебат Америкалық форматта жақтаушы және даттаушы топтарда 2 спикерден болды. Пікірсайыста қаралған қарар: БП «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі деп есептейді» тақырыбында болды.

Мақсаты: оқушылардың дұрыс тамақтануға деген көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, тыңдау, тапқыр ойлау, жүйелі сөйлеу қабілеттерін шыңдау. Тақырып қызу талқыланып, оппозиция тарапынан дәлел ретінде аргументтер көп келтірілді және жақтаушы топтың сөйлеу мәнері ерекше болды және ой еркіндігі байқалды. Екі жақта өз позициясын сақтап қалды. Алғырылығымен, сөз шешендігімен көзге түскен 9а сынып оқушысы Жұмаш Ақерке мен 8- сынып оқушысы Төлегенова Айжаным іріктеуден өтіп, аудандық турнирге жолдама алды.

Сонымен қатар аудандық, облыстық онлайн форматтардағы дебаттарға белсене қатысып келеді,

Дебат турнирінің мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; облыстық пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

#### **Дебат турнирінің қарары:**

1. «БП зиянды тағамдарға салық салады»

2. «БП ата-аналардың өз балаларының әлеуметтік желілердегі парақшаларына кіру мүмкіндігі болу керек деп есептейді» тақырыбында онлайн түрінде америкалық парламенттік форматта ұйымдастырылды. Осы аудандық турнирге «Жалын» дебат клуб мүшелері қатысып, белсенділік танытты.

2-ақпан күні «Құқықтық білімнің маңызы зор деп есептейді» тақырыбымен дебат өткізіліп, мақсаты «Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Дебатта үкімет палатасы «Тұмар» тобы, оппозиция «Қыран» тобы болып екіге бөлінді. Екі топта өз позициясын ұстанды.

«Ашық алаң» дебат клуб мүшелерімен жылдық жоспар бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Ұйым мүшелерімен өткізілген әрбір іс-шара әлеуметтік желілерге салынып отырады.

Теректі негізгі мектебінде 23 қараша "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет" онкүндіктің іс-шарасына орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен АПФ форматында 7-9-сынып оқушылары арасында пікірсайыс өткізілді.

Пікірсайыс қарарлары:

БП: "Қазіргі таңда балалар құқығы қорғалып жатыр деп есептейді"

БП: "Феменизм ақталады деп есептейді"

БП: "Оқушылар мектеп формасын сақтауға міндеттейді деп есептейді"

Пікірсайыс барысында оқушылар белсене қатысып өз ойларын ортаға салды.

Дебаттың мақсаты: оқушылардың қоғамдағы білім беру мәселелері, білім ресурсы туралы ақпараттық тұрғыда ой қозғауы. Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту.

Сонымен қатар оқушылардың ораторлық қасиетін арттыру және де оларды көшбасшылыққа тәрбиелеу болып табылады.



Мектебіміздің "Ашық алаң" дебат клубының 5-9-сынып оқушылары арасында тілдер күнінің іс-шараларына сәйкес "Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті?" атты тақырыбында АПФ форматында мектепішілік пікір алмасу өткізілді. Клуб жетекшісі Томина Меруерт оқушыларға тақырыппен және форматты айтып өтті. Пікірсайысшыларға тақырып алдын ала беріліп, пікірсайыс форматы түсіндірілген болатын. Клуб мүшелері тақырып аясында ойларын еркін жеткізіп, өз ұстанымдарын қорғай білді. Алда клуб мүшелері өзекті тақырыптарды қозғай отырып, келесі отырыстарда, пікірсайыстарда өз ойларын ашық, еркін, нақты жеткізіп, өз ұстанымдарын берік ұстанып, қалалық, облыстық, республикалық байқаулада да мектеп намысын қорғай алады деген сенімдеміз.



[https://www.instagram.com/reel/Cxai208o52E/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/Cxai208o52E/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

Дебат қозғалысы бойынша мектептің Ашық алаң дебат клубының ұйымдастырумен «Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан» атты пікірсайыс өтті.



Жоспар бойынша 2021-2022 жылдары «Жалын» дебаттық клубы жылдық жоспарға сәйкес дөңгелек стол іс –шаралары өткізілді.

«Ашық алаң" дебат клубының отырысында өткізілген іс-шаралар бойынша есептер берілді және клуб мүшелерінің баяндамалары мен ұсыныстары тыңдалып, қарастырылды. Айлық жұмыс жоспары талқыланды. Өткізілген пікірсайыс пен жоспарда белгіленген іс-шаралардың қорытындылары шығарылды.